Innotech

Powered by
Arizona State University®

«UNIVERSITY OF INNOVATION AND TECHNOLOGY» ШЕТЕЛДІК ОҚУ ОРНЫ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

«БЕКІТІЛДІ»
Ғылыми кеңестің шешімі
№ 3 хаттама
«20» 09 2026 ж.
Нурланов Ш.

**«UNIVERSITY OF INNOVATION AND TECHNOLOGY» ШЕТЕЛДІК ОҚУ ОРНЫ»
ЖШС БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

МАЗМҰНЫ

1. МАҚСАТЫ 3
2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 3
3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР 3
4. ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ (БАКАЛАВРИАТ) 4
5. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ 6
6. ПРОЦЕДУРА БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕР 7
7. ЖАУАПКЕРШІЛІК 7
8. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР 8

1. МАҚСАТЫ

1.1. «University of Innovation and Technology» Шетелдік оқу орны» ЖШС білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау Ережелері (бұдан әрі – Қабылдау ережелері) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім министрінің 31.10.2018 ж. №600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелері (бұдан әрі – Үлгілік ережелер) негізінде әзірленді.

1.2. Осы Қабылдау ережелері «University of Innovation and Technology» Шетелдік оқу орны» ЖШС (бұдан әрі мәтін бойынша Innotech, Университет) білім берудің келесі деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларына оқуға түсу шарттары мен тәртібін реттейді: бакалавриат және магистратура.

1.3. Осы Қабылдау ережелері Innotech білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғаларға, оқуға қабылдау процесіне қатысатын Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды тұлғаларына қолданылады.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Университетке жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түсетін тұлғаларды қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ білім алушының жеке қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

2.2. Құжаттарды қабылдау және өңдеу, сондай-ақ Innotech-ке қабылдауды Қабылдау комиссиясы жүзеге асырады, оның құрамы жыл сайын Университет басшысының бұйрығымен бекітіледі.

2.3. Қабылдау комиссиясының құрамына төраға - Университет басшысы, проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен мамандары және Innotech профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді.


2.4. Қабылдау комиссиясының сандық құрамы тақ сан мүшелерден тұрады.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

1) IELTS - International English Language Testing System
2) TOEFL - Test of English as a Foreign Language
3) МБГ - Мемлекеттік білім беру гранты
4) ББТ - Білім беру бағдарламалар тобы
5) ҰБТ - Бірыңғай ұлттық тестілеу
6) КТ - Кешенді тестілеу
7) ҚР ҒЖБМ - Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
8) ҰТО - Ұлттық тестілеу орталығы
9) ЖОО - Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
10) ББ - Білім беру бағдарламалары
11) ҚК - Қабылдау комиссиясы
12) ОПҚ - Оқытушы-профессорлар құрамы
13) ЭҮП - Электрондық үкімет порталы
14) ӨСТО - Өңірлік сынақ тестілеу орталықтары
15) ЭЦҚ - Электрондық цифрлық қолтаңба

4. ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ (БАКАЛАВРИАТ)

Innotech-те оқуға қабылдау келесі тәртіппен жүзеге асырылады:



4.1 1 ҚАДАМ – КЕҢЕС АЛУ

4.1.1 Талапкер Innotech-ке түсу бойынша телефон арқылы (нөмірі + 7 777 222 55 39), эл. пошта (info@innotech.edu.kz), университеттің әлеуметтік желілерінде немесе қабылдау комиссиясына келу арқылы кеңес ала алады.

4.1.2 Кеңес беруді қабылдау комиссиясының кеңесшілері өткізеді.

4.2 2 ҚАДАМ - ӨТІНІШ ПЕН ҚҰЖАТТАРДЫ ТАПСЫРУ

4.2.1 Innotech-ке ақылы негізде қабылдау туралы өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 1 ақпанынан 25 тамызына дейінгі кезеңде жүзеге асырылады. Бұл ретте орта білім беру ұйымдарының 11 (12) сыныптарын бітіретін оқушылар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжатты алғаннан кейін ұсынады.

4.2.2 Innotech-ке түсу үшін абитуриенттер **Қосымша 1-ге** сәйкес құжаттар пакетін Университеттің қабылдау комиссиясы арқылы немесе «цифрлық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы ұсынады.

4.2.3 Портал арқылы жүгінген жағдайда талапкерге «жеке кабинетке» мемлекеттік қызметке сұранысты қабылдау туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

4.2.4 Хабарламаны алғаннан кейін абитуриент құжаттардың түпнұсқаларын Университетке күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 25 тамызына дейінгі мерзімде ұсынады.

4.2.5 Құжаттарды тапсыру кезіндегі міндетті талап – шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттың болуы. Ұсынылған сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін қабылдау комиссиясы тексереді. Сертификаттардың қажетті шекті мәндері төмендегі **Кесте 1-де** көрсетілген.

Кесте 1 - Шетел тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттардың шекті мәндері

Халықаралық сертификат	Шекті балл
IELTS	кемінде 6.0 (әр блок кемінде 5.5)
TOEFL IBT	кемінде 4.0
TOEFL ITP	498 баллдан кем емес

4.2.6 Құжаттарды Университеттің қабылдау комиссиясы арқылы тапсырған жағдайда Университеттің қызметкері құжаттар жинағын қабылдайды, оларды тіркейді және өтініш берілген күні құжаттар жинағын қабылдағаны туралы абонентке қолхат береді немесе толық емес құжаттар жинағын немесе мерзімі өткен құжаттарды тапсырған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

4.2.7 Innotech университетінде оқудың жеңілдетілген құны көзделген азаматтардың әлеуметтік санаттарына жататын талапкерлер растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

4.2.8 Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызметін өткерген азаматтарды қабылдау үшін құжаттарды қабылдау мерзімді әскери қызметті өткергеннен кейін екі жыл ішінде қабылдау комиссиясымен күнтізбелік жыл ішінде өткізілетін сұхбат нәтижелері

бойынша тек ақылы бөлімге жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызметін өткерген азаматтарды қабылдау келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күн қалғанда академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпы орта білімі бар және мерзімді әскери қызметін өтеген азаматтар мерзімді әскери қызмет өткерген кезеңі көрсетілген растайтын құжаттарды (eGov анықтамасы және әскери билет) ұсынуға міндетті.

4.2.9 Жалпы орта білім алған және мерзімді әскери қызметін өткерген азаматтардың түсу кезінде ҰБТ сертификатын тапсырмауға құқығы бар.

4.2.10 Дәл емес ақпарат пен жалған деректер берілген жағдайда, талапкерлерден құжаттар қабылданбайды.

4.2.11 Құжаттарды жалған жасау немесе әдейі жалған мәліметтер беру жағдайлары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарының қарауына жіберіледі.

4.2.12 Шет тіліндегі құжаттар қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге ұсынылады.

4.2.13 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар қабылданғаннан кейін оқудың бірінші академиялық кезеңінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тану және нострификациялау рәсімінен өтеді.

4.2.14 Қажет болған жағдайда тиісті мектеп деканы талапкермен сұхбат жүргізеді.

4.2.15 МБГ конкурсына қатысуға өтініш беру ҚР ҒЖБМ нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

4.2.16 МБГ беру конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау мерзімі – күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 20 шілдесіне дейін.

4.2.17 МБГ алу конкурсына қатысу үшін ҰБТ сертификаты болуы және Innotech-тің таңдалған дайындық бағытына байланысты белгілеген шекті баллды жинауы қажет. Бұл ретте Қазақстан тарихы және ҰБТ-ның екі бейінді пәні бойынша кемінде 5 балл, ал Оқу сауаттылығы және Математикалық сауаттылық пәндері бойынша кемінде 3 балл жинау қажет.

4.2.18 МБГ конкурсының нәтижелері 10 тамызға дейінгі кезеңде жарияланады.

4.2.19 Республикалық бюджет қаражаты есебінен «бакалавр» дәрежесін берумен жоғары білім алуды төлеуге арналған білім беру гранттары ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) сертификаттарының баллдарына сәйкес білім беру бағдарламаларының нақты топтары, тіл бөлімдері және оқу нысаны бойынша конкурс негізінде, білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті берумен, түсушілер мәлімдеген білім беру бағдарламалары топтарының кезектілігіне сәйкес тағайындалады.

4.2.20 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім беру грантының иегерлері куәлікте көрсетілген Университетке қабылдау туралы өтініш береді.

4.2.21 Білім беру грантын тағайындау туралы куәлік электронды түрде беріледі немесе Қабылдау комиссиясында басып шығарылады.

4.3 3 ҚАДАМ - КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАСУ

4.3.1. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе ақылы негізде түсушілерді студенттер қатарына қабылдауды қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 25 тамызына дейінгі кезеңде жүргізеді.

4.3.2. Innotech-ке қабылдау жоғары білім беру бағдарламалары бойынша бөлек жүргізіледі.

4.3.3. Абитуриенттер оқу қызметтерін көрсету туралы келісімшартты Innotech бекіткен нысан бойынша күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейінгі кезеңде жасайды.

4.3.4. Орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, бірақ ҰБТ бойынша шекті баллға жетпеген тұлғалар Innotech-ке тыңдаушы мәртебесімен ақылы негізде күндізгі оқу нысанына қабылданады.

4.3.5. Бірінші оқу жылының соңында тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша шекті балға жетпеген тұлғалар Университеттен шығарылады.

4.3.6. МБГ бойынша оқуға түсетін Қазақстан Республикасының азаматтарымен ҚР ҒЖБМ нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен жұмыс істеу шартымен білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасалады.

4.3.7. Абитуриент екінші деңгейлі банктер беретін білім алуға арналған несиені рәсімдеген жағдайда, абитуриент банктен құжаттардың қаралу үстінде екендігі туралы тиісті анықтаманы ұсынған кезде Innotech студенттерінің қатарына қабылданады.

4.3.8. Бұл ретте оған білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта белгіленген және азаматты қабылдауға дейін төленуге тиісті соманы төлеу бойынша білім беру несиесін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған сәттен бастап 4 (төрт) аптадан аспайтын мерзімге кейінге қалдыру беріледі.

4.3.9. Университет қабылдау аяқталғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органға студенттерді қабылдау туралы қорытынды есепті ұсынады.

5. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

5.1 Магистратураның білім беру бағдарламаларына түсушілерді қабылдау кезінде Қабылдау комиссиясы келесі функцияларды орындайды:

– жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша түсу және оқу мәселелері бойынша түсушілерге кеңес беру;

– ұсынылған құжаттарды қабылдау, олардың толықтығын және белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру;

– Innotech бекіткен нысан бойынша білім беру қызметтерін көрсету туралы келісімшартты түсушілермен рәсімдеу және жасасу.

5.2 Магистратураға түсушілерді қабылдауды Innotech сұхбат түріндегі қабылдау емтихандарының, сондай-ақ шет тілін меңгеру деңгейін растайтын халықаралық сертификаттардың негізінде дербес жүзеге асырады.

5.3 Сұхбат күні мен уақыты электрондық байланыс арқылы тағайындалады. Сұхбат қашықтық ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы өткізілуі мүмкін.

5.4 Құжаттарды тапсыру кезіндегі міндетті талап – шет тілін меңзергендігін растайтын халықаралық сертификаттың болуы. Ұсынылған сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін қабылдау комиссиясы тексереді. Сертификаттардың қажетті шекті мәндері төмендегі **Кесте 2-де** келтірілген.

Кесте 2 - Шетел тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттардың шекті мәндері

Халықаралық сертификат	Шектік балл
IELTS	кемінде 7.0 (әр блок кемінде 6)
TOEFL IBT	кемінде 5.0
TOEFL ITP	600 баллдан кем емес

5.5 Магистратура бағдарламалары бойынша қабылдау емтихандарын өткізу үшін емтихан комиссиясы бір оқу жылына құрылады. Емтихан комиссиясы Innotech қызметкерлерін ің қатарынан құралады: құрылымдық бөлімшелердің басшылары, тиісті мамандық бойынша ғылым докторы немесе ғылым кандидаты дәрежесіне ие немесе философия докторы (PhD) дәрежесіне ие немесе бизнес әкімшілендіру докторы (DBA) дәрежесіне ие оқытушылар/ғылыми қызметкерлер. Төрағасы көрсетілген емтихан комиссиясының құрамы Университет басшысының бұйрығымен бекітіледі.

5.6 Құжаттарды Қабылдау комиссиясына тапсырған кезде магистратураға түсетін тұлғалар осы Қабылдау ережелерінің **Қосымша 2-де** көзделген тізбе бойынша құжаттарды ұсынады.

5.7 Құжаттардың толық емес тізімін ұсынған кезде Қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

5.8 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың бірінші академиялық кезеңінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

5.9 Шет тіліндегі құжаттар қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

5.10 Түсу емтихандарын сәтті тапсырған талапкерлер Innotech мекемесімен Университет бекіткен нысан бойынша білім беру қызметтерін көрсету шартнамасын (немесе шартын) жасасады.

5.11 Шетелдік түлек туралы сауалнама деректеріне, қол қойылған шартқа және қабылдау туралы бұйрыққа сәйкес оқу визасын рәсімдеу үшін көші-қон қызметі басқармасына өтініш жасалып, жіберіледі.

5.12 Қазақстан Республикасына оқу үшін кіру визасын шетелдік мекемелер Innotech-те оқуға шақыру негізінде және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ведомстволық байланыс арналары арқылы шетелдік мекемеге келіп түскен көші-қон қызметі басқармасының оқуға шақыруды келісу туралы хабарламасы негізінде береді.

5.13 Азаматтығы жоқ тұлғаларға осы Қабылдау ережелеріндегі шетелдік азаматтарды қабылдау туралы барлық ережелер қолданылады.

5.14 Өтініштерді қабылдау, кіріс емтихандарын өткізу және магистратураға түсушілерді қабылдау жыл бойы жүргізіледі.

5.15 Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады.

6. ПРОЦЕДУРА БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕР

6.1. Осы Тәртіпте белгіленген әрекеттерді орындау барысында келесі қауіптер туындауы мүмкін:

№	Тәуекел атауы	Алдын алу шаралары	Түзету әрекеттері	Тәуекел иесі
1	Бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде сын көзқараспен жарияланымдар шығуына байланысты Innotech беделіне нұқсан келу қаупі	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, іскерлік әдеп кодексін, ҚР ҒЖБМ талаптарын, осы Ережелерді сақтау, сондай-ақ талапкерлер мен олардың ата-аналарының/қамқоршыларының шағымдары мен ұсыныстарын жинау және өңдеу	Сын мақаланың/жазбаның себебін анықтау, анықталған мәселені жою бойынша шаралар қабылдау	Қабылдау комиссиясының мүшелері
2	МБГ-ның Innotech ББТ-ларына қаражат бөлінбеуіне байланысты жинау жоспарын орындамау қаупі	ББТ-ға МБГ алу мақсатында ҚР ҒЖБМ сұрау жіберу	Бағыттар бойынша жиынды жабу	Қабылдау комиссиясының мүшелері

7. ЖАУАПКЕРШІЛІК

7.1 Университет Басшысының бұйрығымен бекітілген Қабылдау комиссиясы құрамының мүшелері осы Қабылдау ережелерін сақтауға жауапты болып табылады.

8. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

8.1 «University of Innovation and Technology» Шетелдік оқу орны» ЖШС білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдаудың осы Ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына және келесі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген:

1) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген, енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелері;

3) «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін берумен жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуды төлеу үшін білім беру грантын тағайындау қағидаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен бекітілген, енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып;

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген бірыңғай ұлттық тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес, енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып;

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген, енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, кешенді тестілеуді өткізу қағидалары;

6) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау, оқуға қабылдау және оқытуды ұйымдастыру мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері;

7) Университеттің жарғысы;

8) түсушілер мен студенттерді қабылдау, оқуға қабылдау және оқыту тәртібін реттейтін Университеттің ішкі нормативтік құжаттары.

БЛОК-СХЕМА:

«INNOTECH» ЖШС БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ

Процеске кіру: Өтініш		
Әрекет	**Кім орындайды**	**Жазба**
Абитуриент қабылдау және ҚК-дағы ББ туралы кеңесті күндізгі бөлімде немесе байланыс құралдары арқылы алады ↓	Абитуриент	-
Құжаттарды ҚК көзбе-көз тапсыру және ҚР ҒЖБМ белгіленген тәртібімен МБГ конкурсына өтініш беру ↓	Абитуриент ҚК қызметкері	Жеке іс
Оқыту туралы шарт жасасу ↓	ҚК қызметкері Абитуриент Ата-ана/қамқоршы (егер абитуриент кәмелетке толмаған болса) ҚК төрағасының орынбасары	Университеттің АЖ-на жазба
Студенттер қатарына қабылдау	Тіркеуші кеңсесі	Қабылдау туралы бұйрық

ҚОСЫМША 1

БАКАЛАВРИАТ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ТҮСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

№	Құжаттар тізімі	Абитуриенттер санаты		
		МБГ бойынша	ақылы негізде	шетел азаматтары
1	Белгіленген үлгідегі бланкте Университет басшысының атына жазылған өтініш	✓	✓	✓
2	Абитуриент сауалнамасы	✓	✓	✓
3	Жеке куәлік / паспорт (көшірмесі)	✓	✓	✓
4	Жалпы орта, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта арнаулы), немесе жоғары білім туралы құжат және оның қосымшалары (түпнұсқасы)	✓	✓	✓
5	3×4 өлшемді 4 фотосурет	✓	✓	✓
6	075-У нысанындағы флюорография түсірілімі тіркелген медициналық анықтама (түпнұсқа) *	✓	✓	✓
7	063/у нысаны (көшірмесі)	✓	✓	✓
8	ҰБТ сертификаты	✓	✓	-
9	Ағылшын тілі бойынша сертификат (төмендегілердің бірі): 1. IELTS кемінде 6.0 (әрбір бөлім кемінде 5.5) 2. TOEFL IBT кемінде 4.0 3. TOEFL ITP 498 баллдан кем емес	✓	✓	✓
10	Әскери тіркеу куәлігі (жігіттер үшін, көшірмесі)			
11	Шетелдік білім беру ұйымдары берген, мемлекеттік немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасы бар (бар болса, түпнұсқасы) заңдастырылған немесе апостиль қойылған білім туралы құжаттар	✓	✓	✓
12	АИТВ инфекциясына, В және С гепатиттеріне зертханалық тексеру туралы анықтама (куәлік) **	-	-	✓
13	Шарт	✓	✓	✓
14	Innotech-те МБГ/жеңілдікті бағаға басым құқығы бар әлеуметтік санатты растайтын құжаттар (түпнұсқасы) ***	✓	✓	-
15	Әскери билеттің көшірмесі (мерзімді әскери қызметін өткергендер үшін, ҰБТ-сыз түсу үшін)	-	✓	-
16	ХҚО-дан немесе eGOV арқылы алынған мерзімді әскери қызметті өткергені туралы анықтама (мерзімді қызмет өткергендер үшін, ҰБТ-сыз түсу үшін)	-	✓	-

** 075-У нысанындағы медициналық анықтаманы шетелдік студент Қазақстан Республикасына келгеннен кейін Innotech-ке қабылданған соң ұсынады.*

*** Сонымен қатар ЖИТС, АИТВ, В және С гепатиттеріне (Алматы қаласы, Жароков көшесі, 215 мекенжайындағы «Алматы қалалық ЖИТС-ке қарсы ассоциациясы» ЗТБ-да берілетін) және безгезге (Африка елдерінің азаматтары үшін) анықтама беріледі.*

**** Құжаттардың түпнұсқаларын шынайылығын тексеру үшін ҚК-ға ұсыну қажет. Олардан көшірме алынып, ҚК-да қалады, түпнұсқасы абитуриентке қайтарылады.*

ҚОСЫМША 2

МАГИСТРАТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ТҮСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

№	Магистратураға түсу үшін қажетті құжаттар тізімі
1	Ректордың (Басқарма Төрағасының) атына өтініш
2	Қосымшасы бар жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа)
3	Жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін қажет) және оның көшірмесі
4	Өлшемі 3х4 сантиметр болатын екі фотосурет
5	ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысанындағы медициналық анықтама
6	Шет тілін меңгергендігін растайтын сертификат
7	Түйіндеме
8	Жұмыс берушіден және/немесе жоғары білім алған оқу орнынан ұсыныс хат (бар болса)
9	Ағылшын тіліндегі мотивациялық хат
10	АИТВ инфекциясына, В және С гепатиттеріне зертханалық тексеру туралы анықтама (куәлік)

*10-тармақтағы құжаттарды тек шетел азаматтары ұсынады.